

М.Оспанов атындағы батыс қазақстан мемлекеттік медицина
университеті

Факультет: жалпы медицина
Кафедра: Хирургиялық аурулар

Студенттің өзіндік жұмысы

Ерлер денсаулығын сақтау.
Бедеулік

Орындаған: Әкімов Серғазы 413 Б
Тексерген: Сүлейменов К.Г.

Бедеулік пен белсіздік

Әйел, еркектің үлкен қайғы-қасіреті.

Қай адам үшін де бедеулік пен белсіздік – үлкен қайғы-қасірет. Бұл – ата-тегіңді жалғастыратын ұрпақ сүйе алмау, махаббат ләззатынан айрылу, ерлі-зайыптылық өмірдің мән-маңызының жоғалтуы. Осындай бедеулік пен белсіздіктен жылына қаншама отбасының шаңырағы ортасына түсіп, әйелдер күйеуден қайтып, ерлер «әйелі тастап кеткен» атанып жатады десеңізші. Ал енді осы бедеулік пен белсіздік дегеніміз не? Біз сол туралы жазылған медициналық басылым материалдары, өзіміз кездесіп, әңгімелескен мамандардың ақыл-кеңесі бойынша ой толғап, бедеулік пен белсіздік, оның себептері, одан жазылу жолдары жөнінде сіздерді таныстырсақ.

Бедеулік (sterilitas) – кәмелетке толған әйел немесе еркек ағзасының ұрпақ бермеуі. Әйел бедеулігі екі түрлі. Біріншісі – іштен туа біткен, екіншісі жүре пайда болған бедеулік. Іштен туа біткен бедеулікке жатыр түтігінің бітеу болып, немесе жыныс мүшелерінің жетілмей тууы басты себеп. Жүре пайда болған бедеулік - әртүрлі аурулардың зардабы, түсік жасатудың салдары, жатырдың қисаюынан, жыныс мүшелерінің қабынуынан (түсік тастау, эрозия, т.б.) және де жатырдан тыс жүктілік те 70-80 пайыздық жағдайда бедеулікке алып келеді.

Өмір тәжірибесі көрсеткеніндей, көп жағдайда, нақтылап айтсақ, 45-50 пайыздық деңгейде отбасында бала болмау еркек бедеулігінен. Еркек бедеулігіне басты себептер: жүрек-қан тамыр жүйесі сырқаты, қант диабеті, созылмалы жұқпалы аурулар, аталық ұрық безіндегі ісік және тағы да басқа жағдайлар. Сондай-ақ еркек бедеулігі оның ағзасында түзілетін шәуһеттің (сперманың) аздығы мен әлсіздігінен де болады. Түрлі мерез, сал ауруларымен сырқаттанған еркектер де бедеулікке ұшырайды. Радиацияның да әсері

Белсіздік, импотенция (латынша: impotentia – әлсіздік, дәрменсіздік) – еркектің жыныс қабілетінің нашарлауы немесе оған мүлдем қабілетсіз болуы. Мамандар белсіздікті дербес ауруға жатқызбайды, оны орталық жүйке жүйесінің бұзылуынан, эндокриндік бездердің сырқатынан, ұзаққа созылған аурудың (мерез, соз, т.б.) салдарынан пайда болатын жағдай санайды.

Белсіздік туғаннан және кәріліктен, маскүнемдіктен де, ретсіз жыныстық азғындану жолына түсушіліктен де орын алады. Егерде адам миының қызметі бұзылса, оның жыныстық шабытының күшеюі немесе тежелуі мүмкін. Жыныстық шабытқа адамның көңіл күйі де әсер етеді.

Жыныстық жетілу

Халқымыз: «Он үште отау иесі», - деген. Бұл жасөспірімнің мүшел жасынан бастап есейіп, ержету жолына түсетіндігін білдіреді. Дәрігер мамандардың айтуынша, дәл осы жаста жасөспірімдердің арасында физиологиялық өзгерістер басталатын көрінеді. Ал оларда нағыз жыныстық жетілу жігіттерде – 25, бойжеткендерде – 21 жаста толық аяқталады. Яғни, ер адамдардың 25 жасқа дейін жыныстық гормондары толық пісіп жетілмейді де, оған дейін жұбайлық өмірді бастап кетсе, ағзасына салмақ түсіп, ерте үйленген жігіттерде белде орналасқан «С1» деп аталатын жыныстық қабілет нүктесіне зақым түсуі, содан ерте белсіздікке ұрынуы мүмкін. Қыздар ерте тұрмыс құрса, оларда түсік тастау қаупі өте жоғары болады. 21 жастан кеш күйеуге тиген қыздарда қатерлі ісік ауруларына бейімділік молырақ.

Гинекологтардың, мамандардың пікірінше, ерте басталған жұбайлық өмір, жыныстық қатынас ерлі-зайыптылардың жүйке жүйесінің ерте тозуының басты себептерінің бірі. Психологиялық тұрғыдан алып қарастырсақ, жасөспірім шақта адамның басқа жанды түсініп, бағалауы жеткілікті дәрежеде дамымайды да, ерте үйленгендердің некесі берік болмайды. Ең бастысы, олар отбасы атты шағын мемлекет жауапкершілігін атқаруға дайын емес. Сол себепті психолог, дәрігер мамандар көбінесе қыздардың жиырмадан, жігіттердің жиырма төрттен асқан соң үйленуіне ақыл-кеңес береді.

Еркектердің бедеулігі

Екі жас отау құрғанында, көбінесе әйелдердің ағзасында горманалдық өзгерістер, басқа да жағдайлар болып, сол себепті 5-6 айға дейін, кейде одан да көп, екіқабат болмау оқиғалары орын алады. Сонда әйелдер гинекологқа, ерлер дәрігер-урологқа қаралуға тиіс. Кінә еркектен болса, оны андролог-урологтар түрлі тәсілдер арқылы толық тексеруден өткізіп шығады. Ол осыған дейін жұқпалы дертпен ауырды ма, бала кезінде жарақат алып па еді деген сұрақтарға жауап беріп, лабораториялық тексеруден өтеді, қосымша қан тапсырады. Соның қорытындысы бойынша зерттеу жүргізіліп, қажетті жағдайда ер адам тестемтероннан өтеді, яғни, гормоны, жасы отыздан асқандарының холестериндері де тексеріледі.



Ер адам бедеулігінің (дәрігер-урологтардың айтуынша) басты себептері мыналар:

Бедеуліктің этиологиялық факторы: секреторлық және экскреторлық. Секреторлық бедеуліктің туа біткен, жүре пайда болған түрлері бар. Ен қызметінің бұзылуы медицинада гипоганадизм деп аталады.

Гипоганадизм сперматогенезді бұзылуына, ер адамнан бөлінетін гармонның жетіспеушілігіне себепкер. Секреторлық бедеуліктің жүре пайда болған түрлері: еннің қабыну (орхит) ауруы, тұмау, өкпенің қабынуы, туберкулез, сүзек, паразиттың асқынуы. Осындай сырқаттардан секреторлық бедеулік дамиды.

Еркек ағзасындағы ұрық тамырының (веналарының) варикоздық ұлғаюы да қауіпті. Варикацеле 17-30 жас аралығында кездеседі. Бедеулікке қатты әсер ететін зиянды заттар: шылым шегу, арақ ішу, қорғасын, сынып, аммиак, көміртегі, фосформен жұмыс істеу, олар тараған ауамен тыныстау. Ұрық жолдарының қабынуы, экологиялық жағдайлар, тамақ сапасының төмендігі, кездейсоқ жыныстық қатынастар – мұның бәрі еркектің ұрық қабілетін бұзатын жағдайлар. Еркек бедеулігін емдеу операциясыз жолмен және операция жасау арқылы жүргізіледі.

Әйел бедеулігін емдеу

Балшықпен. Халық емінде қолданылатын тәсіл.

Мұнымен мамандар жыныс-жатыр жолдарының кейбір сырқатын емдеп, жазады. Балшықпен емдеуді жатыр түтікшелерінің ұрық өткізуге қабілетіздігінде де пайдаланады. Мұндай ем кімге қажет, оны алын-ала жүргізілген медициналық тексеру анықтап береді.

Овуляцияны реттеу. «Эндокриндік бедеулікті» емдеуде оның негізгі себептері анықталып, оны жоюға қажетті дәрі-дермек (гормоналдық, вирустарға қарсы, ағзаның қорғаныс қалпын күшейтетін) беріледі. Сосын адамды ультрадыбыстық аппаратпен үнемі бақылап отырады. Алғашқы етеккір циклі кезінде ем нәтижесін бермесе, бұл емдеу шарасының курсы толықтырылған деңгейде қайта жалғастырылады.

Лапроскопия арқылы. Дәстүрлі ем түрлері көмектеспесе, қаралушыға лапроскопия әдісі қолданылады. Яғни, құрсақ аумағынан ұсақ үш тесік жасалады да, оған лапроскоп (бейнекамера) пен қажетті құралдар ендіріледі, құрсақтағы күрделі операцияны монитор арқылы бақылап отырады. Бұл операцияның бірінші сатысында бедеуліктің себебі анықталады, екінші саты бедеуліктің себебін жоюға арналады.

«Жасанды инсенимация» арқылы. Ерлі – зайыптылардың қанындағы резустар бірін-бірі «тебіп», олар жыныстық жағынан бір-біріне сәйкес келмейтін де жағдай бар. Мұны иммунологиялық бедеулік деп атайды. Осындай ерлі-зайыптылар жыныстық жағынан қабілетті бола тұра, араларында бала болмайды. Сол себепті, мұндай жағдайда «көмекші репродукция» әдісі қолданылып, дәрігерлер еркек ұрығының әйел жатырына түсуіне көмектеседі.

«Түтікше» арқылы. Жатырдың қос түтікшесі де ұрық өткізуге қабілетсіз болса, олардың қалауымен экстрокорпоралды ұрықтандыру тәсілі қолданылады. Яғни, әйелдің бірнеше ұрық клеткалары мен еркектің сперматозоидтары арнайы жабдықталған, жатырдан тыс ортада қосылдырылады да, олар жетілген соң жатырға әкеліп салынады.

Дұрыс тамақтану, қимылдау. Бала туу жасында әйел дұрыс тамақтану кестесін сақтап, үнемі қимыл-қозғалыста жүрсе, бедеулік қатер 80 пайызға дейін төмендейді. Психотерапевтер әйелдерге тым жұмысбасты болмауға, ұрыс-керіске араласпауға, стреске ұрынбауға ақыл-кеңес береді. Мұны сақтамау – бедеулікке жол ашады.

Белсіздіктің себептері

Мезгілсіз белден қалу, әтек болу (импотенция) қазір кеңінен тарап барады. Осы орайда статистикалық мәліметтерге назар аударсақ, ер адамның әрбір үшіншісі жыныстық жүйе қызметінің бұзылуынан зардап шегеді. Белсіздікке ерте ұрынғанында көп еркек өмірден үміт үзіп, торығып та кетеді. Оның себептері әртүрлі. Ал, психогенді белсіздік – отбасындағы ұрыс-керістің, көңілсіздіктің салдарынан да болады. Өйткені, жүйке жүйесі қызметінің бұзылуы – жыныстық жүйе қызметінің де бұзылуының бастамасы. «Денсаулық» журналының 2008 жылғы № 9 санында былай деп жазылыпты: «Белсіздіктің бір сырын қазіргі тылтиған тар киімдерден іздеуге болады. Бұлар еркектің ұлы мүшесін жоғары тартып, ал ұмасын денесіне тигізіп тұралы. Көшпелі қазақ кең шалбар киген және іш киімнің аулары кең болғандықтан, ауа жақсы алмасып, ұма температурасы қалпында болған.

Белсіздік ішімдікті көп ішіп, жыныстық сезімталдығын жоғалтқан, сондықтан келер жолы қалай әрекет істейтінінен қорыққан еркектерде де туындайды. Ол қарнында не шатында, ұмасында жарығы бар немесе көтеумен ауыратын еркектерде де болады. Белсіздік кейде гормондық бұзылыс салдарынан да туындайды».

Л.Баллюзектің жазып, бізге қалдырып кеткен деректері бойынша көшпелі қазақтарда белсіздікке үлкен мән берілген. Оның хатқа түсіруінше: «Егер белінен айылған еркек әйелімен ажырасуға рұхсат сұраса, оған бір жыл мұрсат беріледі. Егер осы уақыт ішінде оған ем қонбаса, әйелімен ажырасуға міндетті».

Дәрігер – ғалым Л.Я.Мильманның байқауынша, қарт адамдардың ішінде кейде өзінің жыныстық белсенділігін тоқтатуды өтінетіндері де кездесетін көрінеді. Сексологтар болса, кәртайған кісілердің жыныстық белсенділігін тоқтатуға қарсы. Олар бұл қасиет адамның денсаулығын жақсартып, еңбекке деген құштарлығын арттырады деп санайды.

Жыныстық құштарлыққа демеу тағамдар

Балық тағамдары. «Ежелгі Грекияда дәрігерлер әскери адамдарда нашарлай бастаған жыныстық қабілетті қалпына келтіру үшін балықтан жасалған тағамды көбірек жеуге кеңес берген. Соның нәтижесінде олардың жыныстық құштарлықтары жақсара бастаған. Содан бері балық та, сонымен қатар теңіз өнімдері де жыныстық құштарлықты жақсартатын тағамдардың бірегейі саналады.

Алкоголь. Ол жыныстық қатынасты жақсартады деп адасатындар көп. Алкогольді ішудің бас кезінде осындай құштарлық оянады. Бірақ ол қысқа уақытқа ғана созылады, ал әрі қарай жыныстық құштарлық басылып, жыныс мүшесінің қуаты нашарлап, ол ауыр жыныстық бұзылуларға әкеп соқтырады. Сондықтан оның да мөлшерін білген жөн.

Е дәрумені. Ол және құрамында осы дәрумені көп тағамдар жыныстық өмірге жағымды әсер етеді дегенді жиі естуге болады. Бірақ мұны ғалымдар егеуқұйрықтарға жасалған тәжірибе негізінде айтқан. Өйткені оларға құрамында Е дәрумені жоқ тағамдарды бергенде, көпке дейін балалауын тоқтатқан. Алайда бұл тәжірибе қате пікір қалыптастырған.

Оның адамда да жыныстық белсенділікке әсері күшті деу негізсіз.

Ащы тағамдар. Бұл тағамдар жыныстық белсенділікке ықпал етеді деген пікірлер де жоқ емес. Бірақ бұл ғылыми түрде дәлелденбеген.

Бұл заттар кейбіреулерге жағымды әсерін тигізген, сондықтан оны қолданып көргендер ғана пайдалы деп есептейді.

Жұмыртқа. Біреулер шикі жұмыртқаның бұл шаруаны тікелей қуаттандыратындығын айтады. Бірақ жұмыртқаның құрамында осыған қатысты заттар жоқ. Негізінде, жұмыртқаның құрамында түрлі дәрумен жиынтығы бар, ал олар ағзаның күш-қуатын арттырады. Сондықтан оның пайдалы жақтары мол екені белгілі».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Локшин В.Н., Джусубалиева Т.М. //

В кн.: Бесплодие и вспомогательные репродуктивные технологии. – Алматы, 2005. – С. 273

2. Вернер, Дэвид. Халыққа медициналық

жәрдем көрсету жөніндегі (Анықтамалық). Қазақ тіліне

аударғандар: Айымбетов М, Бермаханов А.—Алматы:

"Демалыс", "Қазақстан", 1994— 506 бет.